

Г.Қ. ӘЛІПХАН

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0001-9450-4274>*

А. БАЙТҰРСЫНОВ МЫСАЛДАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аңдатпа. Ахмет Байтұрсынов қазақтың азаматтық тарихы мен рухани-мәдени өмірінде айрықша орны бар нар тұлға. Оның бүкіл өмірі халқының қамын жеп, ұлтына жанкештілікпен қызмет етудің өнегесін танытады. Ол отаршыл өктем елдің қиянаты мен зорлығын бала кезінен көріп, біліп өсті. Қазақ халқының білім алып, ғылым табуда кенже қалып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының төмен болуы да оны ұлт үшін қызмет ету жолына түсірді. Әуелі Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқыды, сосын Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірді. 1895–1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде қазақ-орыс мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ұстаздық ете жүріп И.А. Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударумен айналысады. Мысалдары «Қырық мысал» деген атпен Петерборда кітап болып басылып шыққан.

Мақалада А. Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мән-мазмұны жайында сөз болады. Ақынның И. Крыловтан аударған «Қырық мысалы» – адамды, жалпы адамзатты адамшылыққа тәрбиелейтін айқын ойлы, аса мәнді туынды. А. Байтұрсынов адам мен өмір, қоғам мен заман бойында ұшырасар сан түрлі кемшілік пен қараңғылық, кертартпалықтарды жан-жануарлардың тіршілік, қарым-қатынас әрекеттері арқылы астарлап, перделеп танытады. Ақын халқын сондай сорақылықтардан аулақ болуға, олардан арылуға шақырады. Ақын аудармаларында болсын, төл шығармаларында да қазақты кері тартқан, кесір болған кемшіліктер мен мінез міндерін айқындап, оларды аяусыз сынап, әшкерелеумен болады. Ақын көздеген мақсат-мұрат – халқын надандық пен қараңғылық, кемшілік атаулыдан арылтып ояту, іргелі елдердің қатарына қосу. Мақалада ақын мысалдарының тәрбиелік мән-мазмұны айқындалып талданған.

Кілт сөздер: И.А. Крылов, мысал, А. Байтұрсынов, «Қырық мысал», аударма, тәрбие, адамгершілік, мінез, кемшілік.

G.K. Alipkhan

*Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulzhan.alipkhan@ayu.edu.kz*

Educational Value of Akhmet Baitursynov's Fables

Abstract. Akhmet Baitursynov is an outstanding personality who occupies a special place in the civil history and spiritual and cultural life of the Kazakh people. His whole life is an example of

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Әліпхан Г.Қ. А. Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мәні // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2022. – №2 (124). – Б. 169–181. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.14>

***Cite us correctly:**

Alipkhan G.Q. A. Baitursynov mysaldarynyn tarbielik mani [Educational Value of Akhmet Baitursynov's Fables] // *Iasaui universitetinin habarshysy.* – 2022. – №2 (124). – B. 169–181. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.14>

selfless service to his people. He grew up seeing and knowing the cruelty and violence of Tsarist Russia. The fact that the Kazakh people were backward without proper education and science, as well as their low social status prompted the poet to serve for the good of his nation. First, he studied at a two-year Russian-Kazakh school in the city of Turgai, then graduated from a teacher's school in Orenburg. From 1895 to 1909, he worked as a teacher in the Kazakh-Russian schools of Aktobe, Kostanay, Karkaralinsky districts, and then as a director at the Karkaraly city school. Along with teaching, he translates the fables of I.A. Krylov into the Kazakh language. These translated fables of A. Baitursynov were first published in a book in St. Petersburg under the title «Kyryk Mysal». The article deals with the educational meaning of the content of A. Baitursynov's fables. «Forty Fables» by I. Krylov, which the poet translated, is an ingeniously original creation that educates not only Kazakhs for good morals, but all of humanity as a whole. In his translations, A. Baitursynov, exposing, illustrates various shortcomings, ignorance and prejudices of man and society through a description of the relationship and actions of animals. The poet urges people to avoid and get rid of various ignorant actions and habits. In his poems and translations, the poet reveals the shortcomings and flaws of the Kazakh people, criticizes and exposes them. The poet's task is to awaken people from ignorance and darkness, from all kinds of shortcomings and raise their people to the level of educated countries. The article reveals the educational value and content of the fables of A. Baitursynov.

Keywords: I.A. Krylov, fable, A. Baitursynov, «Kyryk Mysal», translation, education, morality, behaviors, disadvantage.

Г.К. Алипхан

*преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: gulzhan.alipkhan @ayu.edu.kz*

Воспитательное значение басен Ахмета Байтурсынова

Аннотация. Ахмет Байтурсынов – выдающийся личность, который занимает особое место в гражданской истории и духовной-культурной жизни казахского народа. Вся его жизнь - пример беззаветного служения своему народу. Он вырос, видя и зная жестокость и насилие царской России. Тот факт, что казахский народ был отсталым не имея должного образования и науки, а также их низкий социальный статус побудили поэта служить во благо своей нации. Сначала он учился в двухклассной русско-казахской школе в городе Тургай, затем окончил учительскую школу в Оренбурге. С 1895 по 1909 годы он работал учителем в казахско-русских школах Актюбинского, Костанайского, Каркаралинского уездов, а затем директором в Каркаралинском городском училище. На ряду с преподаванием он переводит на казахский язык басни И.А. Крылова. Эти переведенные басни А. Байтурсынова впервые изданы книгой в Санкт-Петербурге под названием «Қырық мысал». В статье познается воспитательное значение содержания басен А. Байтурсынова. «Сорок басен» И. Крылова, которые поэт перевел – гениально самобытное творение, воспитывающее добрым нравам не только казахов, но и все человечество в целом. В своих переводах А. Байтурсынов разоблачая иллюстрирует различные недостатки, невежество и предрассудки человека и общества через описание взаимоотношения и действия животных. Поэт призывает людей избегать и избавляться от различных невежественных действий и привычек. В своих стихах и переводах поэт выявляет недостатки и изъяны казахского народа, критикует и разоблачает их. Задача поэта – пробудить людей от невежества и тьмы, от всевозможных недостатков и поднять свой народ на уровень образованных стран. В статье выявлено воспитательное значение и содержание басен А. Байтурсынова.

Ключевые слова: И.А. Крылов, басня, А. Байтурсынов, «Қырық мысал», перевод, воспитание, нравственность, поведение, недостаток.

Кіріспе

Ахмет Байтұрсынов – ақын, публицист, мемлекет қайраткері, қазақ елінің еркіндігі мен тәуелсіз ұлт болуы жолында аянбай еңбек еткен алаштың асыл азаматы. Ол қазақтың тілі мен әдебиетін өнер мен ғылым биігіне көтеріп, жалпы ұлт руханиятының жедел дамып, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. А. Байтұрсынов халқының қамын жеген қамқоршысы, қорғаны болды, барша қазақ ұлтының ұстазына айналды. Ұлт пен мемлекет қуатты, мықты болуы үшін ең әуелі бәрінің бастауы саналатын әр адам білімді, ақылды, иманды болуы тиіс. Елбасы мақаласынан басталған рухани жаңғыру мұраты техникалық, материалдық жетістіктердің бәрінен де биік болмағы керек. Себебі ғылым мен техника, өндіріс пен шаруашылық, білім мен денсаулық, күллі қызмет саласында адам жүреді. Осы адам баласы – ең әуелі ақыл мен адамшылық қасиеттерінің иесі. А. Байтұрсынов мысалдары мен өлеңдері сол әр сала мамандарының адамдығын тәрбиелейтін ем сияқты. Ақын, ұстаз А. Байтұрсыновтың өзі жазғандай, ол – «адамдықтың тұқымын шашып, еккен диханшысы».

Таным мен тәрбие – егіз құбылыс, тығыз байланыстағы рухани сана салалары. Осы орайда биыл жүз елу жылдық мерейтойы өткелі отырған Ахмет Байтұрсыновтың рухани мұрасы берер тәлім-тәрбиелік тағылымы аса зор. Мақаланың мақсаты – ақын аударған мысалдардың заман талғамайтын, қай кезеңге де ортақ танымдық, әсіресе тәрбиелік мәнін таныту. Бұл мақсат ең әуелі А. Байтұрсыновтың қазақ руханияты мен әдебиетінен алар онын айқындай айту міндетін орындаумен жүзеге асады. Тәрбиелік мән-мазмұнды танытуда ақын мұрасының ішінен ол аударған мысалдарды негіздей таңдап алу да – кезекті міндет әрі тақырыпты танытудың бір кезеңі. Мақсатқа жетудегі әсіресе үлкен міндет – ақын мысалдарындағы танымдық, тәлім-тәрбиелік тағылымдарды талдай баяндау кезеңі болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақаланың зерттеу әдістері: А. Байтұрсынов мысалдарының өз заманы мен кейінгі ұрпақ өкілдерін түрлі кемшіліктерден арылып, адамшылық асыл қасиеттерге ие етудегі тәрбиелік мәнін пайымдау, тұжырымдау. Таным мен тәрбие саласындағы талдау (анализ), синтез (тұтастандыру), индукция мен дедукция секілді әмбебап әдістерге сүйену көбірек орын алды.

Талдау мен нәтижелер

Ахмет Байтұрсыновтың ұстаздық болмысын ең әріде М. Әуезов танып мойындаған екен: «Ахаңның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманнан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз» [1, 185-б.]. С. Сейфуллин – Ахмет Байтұрсыновты «ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл» [2, 181-б.] деп бағалаған. 1922 жылы август айында ақын Ташкент қаласына барғанда, Түркістан жұрты оны зор қошеметпен қарсы алады, үлкен залда концерт қойылып, артынан ақын құрметіне дастархан жайылады, сонда Түркістан азаматтары атынан И. Табынбаев тебірене сөйлеп былай депті: «...кеудесінің бар күшін аямай, жанын құрбан қылып, жарыққа қарай өрге сүйреген сүйікті ұстазымыз, қажымайтын қаһарманымыз – Ахмет ағай Байтұрсынов. Ахмет ағай – қазақ халқының бірінші мұғалімі, ұстазы». А. Байтұрсыновтың өзі де сый, құрметтің соңынан сөйлеген сөзінде асыл азаматқа тән кішіпейілдікпен: «Алдымен қошеметтеріңізге рахмет айтамын. Мен бұрын өз жайым туралы өмірімде сөйлеген кісі емеспін. Мен – халық мұғалімімін. Оқуым көп емес, аз. Бірақ сол аз білімімді халық мақсаты үшін жұмсағаным рас...» [3, 193-б., 194-195-б.] деген екен.

Мұғалім, ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың әдеби шығармашылығы да қалайда халықты ояту мақсатымен И.А. Крылов (1768-1844) туындыларын аударып, оны «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарумен басталады [4, 17-б.]. Ақын ақталғаннан кейін көп ұзамай-ақ 1989 жылы «Жазушы» баспасынан Ә. Шәріпов,

С. Дәуітовтің құрастыруымен бұрын оның «Қырық мысал» (1909), «Маса» (1911) кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі қамтылған кітабы [5] жарияланды. Өзі қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында 1873 жылдың басында дүниеге келіп, алғашқы жинағы – «Қырық мысал» жарық көргенге дейін А. Байтұрсынов 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде қазақ-орыс мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. А. Байтұрсыновтың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді [6, 112-б.]. «А. Байтұрсынов өзгелерден өзгереді өзіндік жол тапқан. Бұл – оның тұңғыш жинағының түгелдей аудармалардан тұруы» [7, 74-б.]. Ғалым А. Ісімақова өзінің «Алаш әдебиеттануы» атты кітабында «Қырық мысалдың» үзінділері 1909, 1913, 1922 жылдары баспа бетінде жарияланғанын айта келіп, бұл мәтіндерде «Крыловтан аударылды» деген түсініктемені кездестіргенін жазады [8, 159-б.]. Осы ойы арқылы ол адамзатқа ортақ оқиға мен қарым-қатынастарды мысал етіп жазуда А. Байтұрсыновтың өзіндік үлесі мол екенін байқатқандай болады. Ғалым Ө. Әбдиманұлы да А. Байтұрсынұлының мысалдарын оның өз шығармасы ретінде бағалауға бейім екенін көрсетеді, себебі И. Крыловтан қазақшаланған ақын мысалдары туралы тараушасын ғалым «Тәржімадан туған төл туынды» деп атапты. Ақын өмірі мен шығармашылығы ғалым Ө. Әбдиманұлының «Ахмет Байтұрсынұлы» атты зерттеу-эссесінде [7] жан-жақты толымды танылған. Ғалымның танып түйіндеуі бойынша, «Қырық мысалдағы» шығармаларды тақырыбы жағынан үлкен екі топқа бөлуге болады. Олардың бір тобы оқу-білімге, адамдық-адалдыққа үндеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, адамдық, азаматтық қасиеттерді сақтау, елді ынтымақ-бірлікке шақыруға негізделсе, келесі тобы елдің елдігін сақтау, езгіде қалған елді азаттыққа, бостандық жолында күресуге үндеу болып келеді [7, 84-б.]. Әдеби туынды өмір, адам, заман шындығын бейнелеп, көркемдеп жеткізуге құрылады және осы үшеуінің (өмір, адам, заман) ішінде адамның алар орны аса зор. Ал адам баласы жақсы жағынан жетіліп дамуымен, бойына асыл, ізгі қасиеттерді дарытып, өнегелі тәрбие алуымен өмірін мәнді етіп, заманының жағымды өкіліне айналады. Ахмет Байтұрсынов қазақшалаған «Қырық мысал» қай заманда да өзекті болған адам болмысы мен мінезінің қыр-сырын танытуымен бірге сан ұрпақ өкілдерін жамандықтан жирентіп, жақсылыққа, адамдыққа тәрбиелеуімен құнды саналады. Ақынмен қатар жүріп бірге қызмет еткен, онымен тағдырлас, мұраттас болған М. Дулатов досы А. Байтұрсынов туралы мақаласында: «Принимаясь перевести басни Крылова, он прежде всего имеет виду великую возможность басен для воспитания детей и взрослых» [9, 298-б.] деп, ол аударған мысалдардың тәрбиелік мәнін аса жоғары бағалаған. «Қырық мысал» – қазақ үшін рухани кеселін емдеп жазатын емшісіндей болғанын ақын туралы зерттеу мақаласын жазған Ж. Ысмағұлов та ерекше атап өтеді: «...айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынов болғандықтан да «Қырық мысал» қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді» [10, 414-б.]. Өзі өлеңінде жазғанындай, Ахмет Байтұрсынов – адамдық диқаншысы, қазақтың қамын жеген нағыз алашшыл азамат. Ақын өмірі мен шығармашылығын барлық қырын қамти отырып, кешенді түрде танытқан ғалым Ө. Әбдиманұлының пікірінше, А. Байтұрсынов Крыловты аударуды мақсат тұтпай, ондағы тақырыпты, ой-өзекті ғана алып өзінше еркін жырлауға, қазақ өміріне тығыз байланыстыра отырып, ой айтуға ұмтылған. Ол, әсіресе, қазақ өміріне қатысты ділгір де дертті мәселелерге келгенде өзіндік бағыт ұстанып, негізгі желіні дамыта отырып, жаңғыртып, өз уақытына сай мысалдың өткірлігін арттыра түсуді мақсат еткенін аңғару қиын емес [5, 84-б.].

А. Байтұрсыновтың И. Крыловтан аударған «Қырық мысалы» – адамды, жалпы адамзатты адамшылыққа тәрбиелейтін айқын ойлы, аса мәнді туынды. Аудармалар ақынның оқырмандарына арнап жазған «Замандастарыма» деген өлеңімен басталады. Мұнда орыстың мысалдарын тәржіме етіп жазғанын соншалық кішіпейіл көңілмен айтып жеткізеді. Өзін «бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық» деп сипаттайды. Асыл азаматты арық еткен – елінің

қамы мен мүддесі болса керек. «Әйтпесе арық шауып оңдыра ма, жүргенге қамыт басып, қажып-талып» деген ойының астарында елінің бодандық халі жатқандай. Ақын «әзірге қолдан келген осы барым» деумен еңбегін елеусіз санап, кішіпейілдік танытса да, өз заманымен бірге бұл заманның да адамдары ақын аудармалары мен түйіндерін таптырмас рухани қазына көріп келеді.

«Аққу, шортан һәм шаян» мысалы орыс пен қазақта көркем дүние болып беріде пайда болса да, мұнда ертеден елеулі, мәнді болып келе жатқан адамзаттық ақиқат айтылады, ол – ынтымақ пен бірлік жайы. Аққу, шортан, шаян – үшеуі де әрекетсіз емес, алайда ойға алған игі істері орындалмайды: «Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр» [5, 48-б.]. Және бітірмек болған істері де қолдан келмес тірлік емес: «Оншама ол жүк артық ауыр емес» [5, 47-б.]. Ақын аударған мысалдың көлемі де көп емес, үш-ақ шумақ. Байқағанымыз, ақын аудармасында да, әр мысалдың соңында берілетін өз түйінінде де айтар ойын айқын, анық, жатық түрде жеткізеді. Оқырман аударманың өзін ғана оқыр болса, ондағы өзекті ойды айна қатесіз ұға алмауы әбден мүмкін. Осы орайда әр аударманың соңынан ақынның өзі ұсынып отыратын ой-түйіннің оқырманға берер көмегі айрықша зор. Шығарма иесінің асыл арманы да – толғанып, толғатып тапқан ойының оқырманына толық әрі өз мазмұнымен жетуі. А. Байтұрсынов – осы орайда оқырманына айтпақ болған ойы түгел жетіп жолы болған ақын. Оның аудармасы соңына қосып берген өз түйіні мынау:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас [5, 48-б.].

Мысал – ақын ойын алыстан орағытып, сөйте тұра зейінді оқырманға өзекті ойды дәл жеткізетін қолайлы жанр. Театр әркімге де өзі мен айналасының әрекеті мен тартысын, білмей жүрген кемшілігін көз алдына ұсынылған сахналық қойылым арқылы танытса, мысал адамдар әрекеті мен барша ой-ниет, мінез қалпын жан-жануар, жәндіктер болмысына көшіріп барып, солардың адамға ұқсас байланыс, қатынастары арқылы жеткізеді. Біле білген кісіге өмірдегі барша игілікті іс – ынтымақ пен бірліктің жемісі. Бұлар жоқ жерде тау қопарар әрекеттер де қалаулы нәтижеге жеткізбейді. А.Байтұрсынов осылайша адам мен өмір, қоғам мен заман бойында ұшырасар сан түрлі кемшілік мен қараңғылық, кертартпалықтарды жан-жануарлардың тіршілік, қарым-қатынас, әрекеттері арқылы астарлап танытады. Елін, халқын сондай-сондай сорақылықтардан аулақ болуға, олардан арылуға, құтылуға шақырады.

Адамзат өзі танып, өзі мойындап білмесе де, ойы мен бойында біраз кемшіліктер мен мінез міндерін сақтап жүреді. Ақын осындай бейбақ күйде жүрген біздерге «беймәлім» кемшіліктерімізді анықтай, айқындай түсіп, бадырайта көрсетіп, танытып береді. «Шымшық пен көгершін» мысалында даңғойлық пен мақтаншақтық, күншілдік пен келтелік, бұған қоса «адамның басы – Алланың добы» дегендей бейбақтығы мен қауқарсыздығы әшкере етіледі әрі осы шындық ой-санамызда бекітіліп шегелене түседі. «Ат пен есекте» де келтелік пен кеңселік, өзімшілдік пен қайырымсыздық және осылардың кесірінен тап болар мүсәпірлік жағдай сыналады, ащы күлкі етіледі. А. Байтұрсынов бұл аудармасында айтылар ойдың өзегін айқындай түседі. Ондай өзекті ой – адамдарға ғана тән, хас қайырымдылық екенін танимыз. Иесі артқан ауыр жүктен қиналып титықтаған есекке көмек етпеген ат ақырында есек өліп қалып, оның жүгі өзіне артылып, ат алдыңғыдан артық қиындыққа тап болады:

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде:
Біреуге қысылғанда жәрдем бермек!
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,
Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп [5, 50-б.].

Есек пен атқа саналы қайырымдылық тән болмаса да, оқырман олардың қарым-қатынасынан адами әрекет пен байланысты танып, олар тап болған жағдайдың себебі –

қайырымсыздық екенін біле түседі. Сол себепті де ақынның қайырымдылықты айрықша бөле айтып дәріптеуін орынды көреміз. «Маймыл» мысалындағы маймыл әрекеті де адамдар тап болып жүретін әурешілікті ойға оралтады. Егін егіп кәсіп еткен қарашекпеннің еңбегі адал, бейнеті пайдалы, игілікті, ал құр томарды «бір көтеріп, бір сүйреткен» маймылдың тірлігі күлкілі. Маймылдың күншілдікке салынып, әрі мақтанды көздеп құр томармен әлектенуі – надандық. «Егіннің бастары» мысалының да берер тағылымы аса зор. Ақын түпнұсқа мазмұнын қазақша баяндап береді де, соңынан өз түйінін ұсынады және бұл түйіні мысал мәнін айқын тануымызға көмектеседі:

Елде көп бұл бидайдай адам, - деді, -
Тәкәшпар, оны халық жаман, - деді, -
Қалпы емес тәкәшпарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам, - деді [5, 52-б.].

Ақын жазғандай, бұл бидайдай адам елде көп. Мысалдағы бұл бидайда дәні болмаса, оған ұқсаған адамдарда ақыл мен қайырым жоқ. Ақын дәнсіз бидайдай ақылсыз, тәкәшпар адамдардан баласымен бірге барша адамдарды сақтандыра сөйлейді. «Өгіз бен бақа» мысалы әлін білмей әлек болған, ақырында жарылып өлген бақаның күншілдігін әшкере етеді, өмірде сондай да адамдар болатынын ишаралайды. Мысалдардағы жан-жануар, өсімдіктердің адам таныту мақсатында келетінін ақын «Қасқыр мен тырна» мысалында былайша ашып айтады:

Қысқасы, Қасқыр, Тырна болды тамам,
Мінездес Қасқырменен кейбір адам [5, 56-б.].

Мысалдардағы барлық оқиға мен ондағы кейіпкер жануарлар түпкі ой, мазмұнымен адамдарды білдіреді. Әдебиеттің мақсаты да адам танумен сабақтасады. Өзге құбылыс, зат, нәрсе, жануар, жәндік, өсімдіктің бәрі де адамға қатысты болуымен тілге тиек етіледі. Мысалдардағы жайсыз, жағымсыз жағдайлар мен оқиғалар, ой, мінез көріністері ақылды, жақсы адамдарға кісілер қарым-қатынасының түрлі-түрлі қырларын, қасиет, мінез кемшіліктерін танытса, адасып жүрген ақаулы адамдарға да өздерін танытып пайдалы болады. Соншалық түйсіксіз болмаса, жануарлар әрекеті арқылы бедерленіп айқын көрсетілген мінез міндері мен болмыс бұзылыстары әр адамды да ойлантса керек, ойлантып қана қоймай, дұрыс жол, жақсы болмысқа көшуіне жағдай жасар. Бұлбұлдың өнерін бағалай білмеген есек секілді өмірде де жақсының үстінен үкім жүргізетін шолақ белсенділер ұшырасып қалады:

Есектей қалпы кейбір адамдардың,
Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың.
Асылды жасықпенен танымайтын
Сынынан сақта, алла, надандардың [5, 58-б.].!

Мысалдан өзге әдеби көркем шығармаларда кемшілікті, мінді қасиет, мінездер мұншалық ашық, айқын бейнеленбейді және олардағы астарлап, жіңішкелеп жеткізілген адам қасиеті мен мінезінің небір қитұрқыларын көп оқырман байқамай, білмей де қалуы мүмкін. Ал мысалдарда ондай оспадар, жексұрын, жағымсыз ой-ниет, қасиет-мінездер титтей де тартынусыз еркін бейнеленеді. Және кейбір өресі өлшеулі оқырмандар ондай жағымсыз қылықтар мен мінездер мысалдарда сипатталғандай тек жануарларға ғана қатысты айтылған деп ойлап қалуы мүмкін. Я мысалдардағы мазмұнның шын сырын таныған күнде де тікелей, тура айтылмаған сынға аса қинала қоймай жеңіл қабылдауы мүмкін. Қалай болғанда да ақиқатты астарлап, перделеп жеткізетін мысал жанры адам мен қоғам, заман шындығын танытуға зор үлес қосады.

Өмір өрісі түрлі-түрлі жақсы-жаман көріністерге толы. А. Байтұрсынов аударған мысалдардағы оқиғалар мен ондағы жануар кейіпкерлер де осы өмірде орын алып, адам тәнді кейпімен жүріп жатады. «Екі шыбындағы» үзік оқиға да оқырманға салмақты ой салады. Өзгенің үстінен күн көретін, еңбегін де еркін, қысылмай пайдаланатын шыбын

кейіптес адамдар болады өмірде, себебі мысал мазмұнына өзек болған оқиғалар мен мінез көріністері өмірдің өзінен алынған:

Адамды кейбір түрлі алып еске,
Қарасақ ғибрат бар бұл кеңесте.
Біреудің я қайратын, я дәулетін
Өзімсіп жүретіндер бар емес пе [5, 59-б.]?

Мұндай жарасымсыз, лайықсыз әрекетті адамдар ақылын, айла-амалын я қызметін пайдаланып, байқала берместей етіп жасауы мүмкін, ал мысалдағы жануарлар әрекеті арқылы бұлар қасақана қомақтанып, қоюланып көрінеді. Адам баласы Абай ақын жазғандай, ақылы мен қайратына сеніп, мақсат-мұратына жетер болса, оқиғалары жануарлар әрекеті арқылы өрбитін мысалдарда бұл екі адами қасиет - айла, ептілік пен қайрат түрінде көрініс табады. Мысалы, мұны «Емен мен қамыс» және «Арыстан, киік һәм түлкі» мысалдарынан көруге болады:

Болмаса қайратыңа ебің серік,
Опа жоқ құр айласыз мықтылықтан [5, 55-б.].

Тұрсам да сайдың көріп тереңдігін,
Сенемін ебің менен қайратыңа [5, 60-б.].

Амал, айла мен ептілік адамда да бар, алайда бұлардың адам ісінде жақсылық пен жамандыққа қатысты жұмсалыуына қарай жағымды, жағымсыз болып бағаланатыны бар. Ал жануарлар үшін айла мен ептілік – басты қабілет, негізгі тіршілік құралы. Ақынның «Арыстан, киік һәм түлкі» атты аудармасындағы Түлкінің достығы Арыстанның жардан құлап өлуіне себеп болса, адамдар ортасында да түлкі тектес опасыздар арыстандай азаматтарды орға жығады. А.Байтұрсыновтың бұл аударма мысалына жазған түйін сөзі үш шумақ әрі осы мысалдағы оқиға мен кейіпкерлер әрекеті оған қатты әсер етіп толқытқан сыңайлы. Мысалда қашқан Киікті қуып келе жатып жар тұсында кідіріп қалған Арыстанды Түлкі қулықпен қайрап салып, құзға құлатады, сөйтіп өлген досы Арыстанның етін біраз күн азық етеді. Осыған орай ақын жазған түйін сөз мынадай:

Досың көп тірлік пенен амандықта,
Түлкідей сөз беретін жарға жықпа.
Әр іске амандықта қайрап салып,
Мүжитін сүйегінді жамандықта.
Кісіге таза жолдас табу қиын,
Көбін-ақ дос етеді мал мен бұйым:
Досыңнан, дұшпаныңнан бірдей сақтан,
Басында, сірә, Ахмет, болса миың.
Ойлама шын достарың мол екен деп,
Сөзіне ере берме жол екен деп.
Досыңды қиын іске қайрап тұрған, -
Білгейсің шын дұшпаның сол екен деп [5, 60-б.].

Ақын жазған түйін сөзде өмірден түйген таным да, өз өміріне қатысты дерек те бар екені байқалады. Мысалы, пенделік өмірде адамдардың мал мен бұйымды есепке алып дос болуы – ащы шындық. Мысалдағы Түлкі Арыстанды қауіпі мол қиын іске оның өлерін біле тұра қайрап салса, өмірде де ақылды, мейірімді саналатын адамзаттың досқа опасыздық жасарын ақын ерте жаста-ақ біліп қойғаны көрінеді.

«Қарға мен түлкі» мысалы оқырманға жақсы таныс. Түлкінің аяр қулығы мен қарғаның даңғой аңқаулығы Абай аудармасынан да белгілі болып қалған. А. Байтұрсынов аудармасының ерекшелігі – әр мысалдың соңынан өз түйінін ұсынуы. Ақын аудармаларындағы тағы бір ерекшелік – ақын ойының айқындығы, тілінің тазалығы, ой

мазмұнын берудегі сөз дәлдігі дер едік. Мысалы, ақынның мына шумағы осы ойымызға айғақ боларлықтай:

Тамаша қарағанға түрің қандай!
Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай!
Гауһардай қанаттарың жарқырайды,
Келісті қалай біткен және маңдай [5, 61-б.]!

Көркемдіктің өзі өмір шындығын сол өмірдегідей айқын қалыпта таныта білу болса керек. Ақын аудармаларын оқи отырып, ондағы айқындылық пен шынайылыққа қайран қала береміз. Ақын өлеңімен суреттеп беретін өмір, заман, адам жайлы шындығын ең әуелі өзі ғажап танып біліп, ақыл-ойы мен жан-жүрегінде әбден бекітіп алатындай көрінеді. Содан да аударма өлеңдері оңай оқылады, ақыл-ойға қона кетіп қабылдануы да жеңіл. Ең бастысы, аудармаларының танымдық мазмұны мен тәрбиелік мәні өте зор.

Өмірде жануарлардан басталып, адамға да өткен тіршілік заңы – күштінің әлсізге жасайтын қиянаты. Қиянатын жасауға күштінің айтар уәжі қашанда дайын. «Қасқыр мен қозы» мысалындағы Қасқырдың әрекетінен осыны танимыз. Ананы айтып, мынаны айтып қисынын келтіре алмай, ақырында Қозыны жеп қиянатын жасауға ақтау етіп әрі сылтау қылып айтқаны мынау Қасқырдың:

Айтайын, білгің келсе, Қозым, саған,
Кінәң сол – жегім кеп тұр қарным ашып [5, 63-б.]

Жануарлар әлемінде күшті Қасқыр әлсіз Қозыға оны жеу әрекетін түсіндіріп жатпайды, жемтігіне бірден кірісіп кетеді. Ал мысалдағы Қасқырдың қойлар әулетінде кеткен есесін біраз айта келіп, қиянатын сол кеткен кегін қайтарғандай болып «қисынды» жасамақ болуын – ақынның айтылар оқиғаны адамдар шындығына жақындатпақ болған әрекеті деп білеміз. Жануарлар әлемі мен адамдар ортасында жасалатын қиянаттың айырмасы – жануар жыртқыштығын табиғи қалыпта ашық жасаса, адамдар қиянатын қулықпен, аярлықпен жүзеге асырады. Жақсылық пен жамандық аралас жүретін өмірде қиянат та қалмай қайырымдылықпен қабаттасып келеді, ақын тіршіліктің осы бір кеселін түйін сөзінде былайша жеткізеді:

Осындай жазықсызды жазғыратын...
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі [5, 64-б.]

Ақын сөзінен байқайтынымыздай, мысалдардағы жануарлар тіршілігі – адамдар өміріндегі әрекеттердің көрінісі. Және әр жануардың әрекетінен адамдардың ой-ниет, мінез, қасиеті аңғарылып тұрады. Өмір, заман, адамдар болмысындағы кемшіліктерді суреттеуде мысал жанры ақындарға еркіндік пен жеңілдік береді. Шынында да нашарларды, жазықсыз әлсіздерді талай талап жеп жүрген адамдар қиянаты мысалдағы Қасқырдың жыртқыштығынан титтей де кем емес, бөлек те нәрсе емес. Айырмасы – Қасқырдың жыртқыштығы – оның табиғатына тән әрекет болса, адамның қиянаты – болмысына жат нәрсе.

«Шал мен ажал» мысалының берер тәлімі айрықша. А. Байтұрсынов өзі аударған мысалдардағы мән-мазмұнды ақыл-ойы, жан-жүрегіне жақын көргені көрінеді. Мұны түпнұсқа мысалдың мазмұнынан да, ақын түйіндеген ойдан да байқауға болады. Адам баласы жаны-тәні қиналып, қалжырап күйзелген, түнілген сәтте артық ауыз сөз айтып Аллаға асылық танытуы мүмкін. Мысалдағы кейіпкер шал да бір-ақ рет берілетін өмірде «келмейді маған Ажал, - қайда кеткен?» деп өмір игілігінен безінгендей болады. Іздеген, сұраған Ажалы жетіп келе қалғанда, есі кіріп ояғандай күйге еніп мүлде басқаша халде тіл қатады. Адам баласының осындай пенделігін ақын өз тарапынан былайша түйіндейді:

Шал болсын, жасы жетіп жеңген қарттық,

Я жүрген жоқшылықтың зарын тартып,
Сау жер жоқ денесінде ауру да,
Өлімнен өз тірлігін көреді артық.
Кейбіреу көтере алмай жүрсе көнін,
Кейіген сағатында тілейді өлім.
Болады надандықпен зор күнәһар,
Ісінің, құдіреттің сол, білмей жөнін [5, 68-б.].

Байқасақ, ертең өкінетін я айнып шығатын сөзді айту мен әрекетті жасау – ақылдылық емес. Ақынның қалағаны – ақиқатты танып біліп, ақиқатпен өмір сүру. Өмір – қызық, қуаныш, игілік, ал ажал – барлықтың жоққа айналып сөнуі, таусылу, тозу, өлу болғанда, өмір қашан да ыстық, қымбат, құнды. Мұны білмеген адам баласы ақын жазғандай, зор күнәһар.

Ақын аударған мысалдар арқылы адам мен заман болмысын әр қырынан тануға болады. Біздіңше, ақын аудармалары мен өлең, мақалаларын қайта-қайта әрі мән-мазмұнын тани түсіп оқи беру керек. Және әсіресе ақын аудармаларын сананың сергек кезінде асықпай тиянақты оқу керек. Ақын аудармаларында адам баласында болуы мүмкін бірталай кемшілікті жайлар сөз болған. «Қайырымды түлкі» мысалын тақырыбына, атына алданып, түлкінің қайырымдылығын айту арқылы өзге бір кемшілікті әшкерелейтін болар деп ойлап қаламыз. Сөйтсек шынында да бұл – түлкіге тән қайырымдылық жайлы екен, ал қулықтың символы ретінде танылған түлкінің нағыз қайырымды болуы қиын. Мұнда қайырымды қалып көрсете келіп, ақырында өзі жақсылық жасамақ болған үш балапанды тез-ақ жеп қойған түлкінің шектен шыққан аярлығы суреттелген. Мысал оқиғасын ақын былайша түйіндеген:

Жеп қойды құстың жетім балапанын,
Қорықпай-ақ обалынан Түлкі залым.
Қарасақ, ел ішінде аз ба адамдар
Жеп жүрген обалсынбай жетім малын [5, 69-б.]?

Ақын шығармашылығы И. Крылов мысалдарын аударумен басталған және оның тұңғыш жарық көрген кітабы да осы аударма мысалдарының жинағы – «Қырық мысал». Байқасақ, ақын халқының адами, рухани болмысын, адамдығын ерте кезден-ақ түзетуді көздеген екен. Және аударған мысалдары да жануарлар әлемінен алынған оқиғаларды суреттегенімен, И. Крылов та, А. Байтұрсынов та адамдар болмысын жөндеуді, адам мен заман кемшілігін сынап жоюды мақсат еткен. Мысалдардағы жан-жануарлар мен өсімдік, өзге де құбылыстар тікелей адамдар кемшілігін танытуға қызмет етеді. Мұны аударма мысалдардың әр-әр тұсынан ұшыратамыз. «Қарасақ, ел ішінде аз ба адамдар жеп жүрген обалсынбай жетім малын» деп осы мысалда да айтылады адам мен жануар байланысы. Ақын өз түйінінде жетім малын жеп жүрген адамдар аз емесін айтса, мысалдағы «жетім қалған» үш балапанды жеуші – залым Түлкі. Мысалдардағы жануарлар мен өмірдегі солар тектес адамдардың байланысы барын «Қартайған арыстан» мысалының түйін сөзінен де ұшыратамыз:

Айтылған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман осалы бар.
Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас
Ойласақ, табылмай ма неше адамдар [5, 67-б.].

М. Дулатов ақынның елу жылдық мерейтойы кезінде жазған «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсынов» атты өмірбаяндық очеркінде [9, 295-б.] оның туған жылын – 1873 деп көрсетеді. С. Мұқанов та 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық әрі зерттеу кітабында А. Байтұрсыновты 1873 жылы январьда туған және «Бұл өлеңдерді («Қырық мысалды») Ахметтің аударған мезгілдері 1901 жыл мен 1904 жылдың арасында, ушител болған кезінде болу керек. «Мысалдарды» аударудан бұрын оның өлең

жазған-жазбағанында дерек жоқ. Міржақып Дулатов сықылды Ахметті жақсы білетін адамдар да Ахметтің өмірін жазғанда ол туралы түк айтпаған» [11, 92-б., 95-б.] деп жазады. «Қырық мысал» – А. Байтұрсынов шығармашылығының осылайша бастауы әрі тұңғышы болса да, ақын бұл аудармаларын ақыл тоқтатып әбден толысқан, жетілген, отыздан асқан шағында тәржімелеп дайындағаны көрінеді. Содан да болар ақын қолданған тіл соншалық таза, құнарлы, ойын жеткізер сөздері де мейлінше дәл, анық, толғанып айтқан ойлары да айқын, танымды да тағылымды болып шыққан. Ақынның әрбір мысалы аттап өтіп кетпей, арнайы аялдап, тиянақты талдап тануға лайық аса құнды дүниелер. Мысалы, «Маймыл мен көзілдірікте» парықсыздық пен надандық, «Шал мен жұмыскерде» жақсылықтың қадірін білмеген «көзі тар, көңілі соқыр надандық», «Жарлы байда» қомағайлық пен қанағатсыздық сыналады. Осылайша барлық мысал жиналып келіп, адамзат бойындағы неше түрлі кемшілікті барынша қамтып ащы түрде әшкерелейді.

А.Байтұрсыновтың қай мысалын алсақ та, адамға ой салып, оны жөндеп, түзеп, тәрбиелемек болған ниеті айқын аңғарылып тұрады. Осы орайда «Иттің достығы» туралы мысалының қазақ қана емес, барша адамзатқа айтар өсиет, өнегесі аса зор. Қазақ итті жеті қазынаның бірі санаған. Айуан болса да, ит адамға пайдалы, қорғаушы, күзетуші жақсы болмысымен ерекшеленеді. Содан да болар ақындар достық қасиетін иттер қатынасымен байланыстырып мысалдаған. Иттің достығы аюдың достығындай аңқау, ақымақ болмай, мысалдың басым бөлігінде кісі қызығатындай жайлы, жақсы, опалы болып көрінеді. Мойнақ пен Төрткөз деген екі ит арасында ит болып ырылдасып, таласып та қоятынын еске алып, бұл тірліктеріне қатты өкінетіндері де бар. Алайда достыққа, татулыққа деген көңілдері мен ұмтылыстары тым күшті. Ақын екі иттің достық, татулық туралы ойлары мен қатынастарын соншалық нанымды, жағымды етіп суреттеген. Тіпті екі иттің ортасындағы ғажап достық қарым-қатынас пен ізгі ой-ниетті адамдар арасында болып жатқандай көріп қаламыз:

Сөз қылды жақсылықты, жамандықты,
Жомарттық, мырзалық пен сараңдықты.
Достықтың, дұшпандықтың жайын сөйлеп,
Қолға алды татулық пен араздықты.
...Дүниеде онан артық не нәрсе бар,
Тұрғаннан татулықпен күліп-ойнап [5, 86-б.].

Иесі берген несібеге тойып алып жатқандағы екі иттің айтатын әңгімелері осындай ит өздері түгілі адам қызығатындай жарасымды, жылы, жайлы мазмұнда жалғаса береді. Шынында да иттер достығы арқылы мегзелетін адамдар достығы да осындай опалы, баянды болса игі еді деп ойлап қоясыз. Алайда мұндай арман болған ғажап достық баянды болмайды екен. Бұған дейін қарын тоқта ешнәрсеге мұқтаж болмай тату жатқан екі ит арада біраз уақыт өтіп, алдарына үйден лақтырылған бір омыртқа түсе қалғанда аяқ астынан өзгеріп шыға келеді:

Көрген соң майлы сүйек ит тұрар ма,
Құшағын жазып ала жүгірісті.
Достықты, айтқан сертті былай қойып,
Екеуі бір-біріне салды тісті [5, 88-б.].

Ақын жазғандай, «иттерге таласса да жарасады, әйтпесе әдетінен адасады». Иттерге, барша жан-жануарға тамақ, қорек керек, бұларсыз олардың күні қараң, тіршілігі тоқтайды. Достық, татулық туралы қанша жақсы ой ойлап келіп, тамақ дегенде таласа кететін иттер жайын түсіну қиын емес. Ал осындай күйге дүние-байлық үшін адам түсер болса, оны түсіну анық қиын. Осы ащы шындықты айтумен ақын мысалын түйіндейді:

...Сүйектей арасына нәрсе түссе,
Иттерден олар (адамдар) артық таласады [5, 88-б.].

А. Байтұрсынов аударған мысалдардағы танымдық тапқыр ойлар мен өнегесі аса зор тәлім-тәрбиелік тағылымдарды біршама байыптап білгендейміз. Ақын аударған мысалдар

аталып өткен және талдап тануға тырысқан туындылармен шектелмейді. Біз ақын аударған мысалдардағы танымдық, тәлім-тәрбиелік ойларды мақала аясында ғана тануға талаптандық. Ал «Айна мен Маймыл» мысалының өз мазмұны да, ондағы ақын қосқан түйін сөзі де айрықша көңіл бөлуді керек етеді. Мысалдағы Маймыл айнадан көрген суретіне, ондағы кейіпсіз көрініске қанағаттанбайды, көңілі толмайды. «Мен бұған титтей ғана ұқсас болсам, ішіме пышақ салып өлер едім» деген ойға да барады. Айнадағы сурет өз кейіпі екенін тіпті білмейді, сезбейді де. Жанында отырған Аюдың «...Әуре боп бөлелерің санағанша, абайлап қарашы әуел өзіңе-өзің» деген ақыл сөзі ақымақ, даңғой Маймылдың санасына жетпей жолда, далада қалады. Осы айтылған мысал оқиғасын оқи отырып, орташа ойлы оқырман Маймылдың түпсіз ақымақтығына күліп қынжылуы мүмкін. Алайда Маймылдың тіршілігінде дәл мысалдағыдай адами оқиға мен сұхбат болмасы анық. Осыдан-ақ мысал көздеген мақсаттың адамдарды сынап, әшкерелеп, жөндеп-түзеп, тәрбиелеумен байланысты болатыны көрінеді. Ақынның осы мысалды өзінше қорытып түйіндеуі де өзгеше:

Мысалы, адам – Маймыл, өлең – Айна,
Өлеңді түсінгенге бар көп пайда.
Айтылған өлеңдегі мінін көріп,
Түзейтін мінез-құлқын адам қайда.
Біреудің мінін айтса өлеңшілер,
Мәз болып тыңдағандар, қарқ-қарқ күлер.
Болса да нақ сол міндер өз басында,
Деп айтар «секілді екен пәленшелер» [5, 75-б.].

Ақын «адам – Маймыл, өлең – Айна» деп өте тауып айтқан. Себебі әр мысалда бейнеленген жан-жануар, жәндіктің адамдар ортасында дәл өзіндей ұқсасы бар, бірақ мұны ақын жазғандай, көп адам біле бермейді. Дәл осы мысалдағы айнадан өзін танымай, кейіпсіз бөлелерін көретін Маймылдай-ақ көп адамдар да кемшіліктерді әшкерелеген өлеңдерден өзін емес, өзге «пәленшелерді» тауып отырады. Осыған ұқсас тапқыр ойын ақын «Малшы мен Маса» атты мысалында да керемет қиыстырып айтыпты. Мұнда айтылғандай, Малшы иттеріне сеніп көлеңкелі көк шалғынның үстінде ұйықтап қалады. Осы кезде оған қара жылан шағайын деп жақындай түседі. Сол сәтте Маса жасаған әрекет мынадай:

Малшыны сол уақытта Маса шақты,
Оятып, бұл пәледен қағайын деп [5, 102-б.].

Масаның «бұл пәледен қағайын дегені» - Малшыны жыланның шағуынан құтқарғаны ғой. Жылан шақса, Малшы мәз болмас еді, өліп те кетер еді. Малшы үшін нағыз пәле – осы өлім болар еді. Алайда Малшы ұйқылы-ояу күйінде өзін шаққан Масаны ұрып өлтіріп қояды. Мысал мазмұнында айтылғандай, ой иесі, сөз авторы «Жыланды малшы көріп болғаннан соң, келмеді бір-біріне жолатқызғым» дейді. Мұндағы Жылан – пәленің басы, шағар болса, Малшыға өлім әкелуші, ал Малшы – қойын бағып жүрген еңбекші. Сонда автор ойы ізгі екені танылады: ол «келмеді бір-біріне жолатқызғым» дейді, яғни Жылан жылжып жетіп Малшыны шақса, Малшы өлер еді, автор осының алдын алып, оларды бір-біріне жолатқысы келмепті. Дәл осы тектес ізгі ой мысал соңындағы түйін сөзде де жалғасады:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен – Сарымаса,
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан [5, 102-б.].

Ақын айтар түпкі ой, басты мақсат осы. Масаның шағуы жайсыздық пен ауырсынуды туғызады. Есесіне Масаның шағуынан оянып кеткен Малшы пәледен құтылып аман қалады. Малшының аман қалған оқиғасын айтудың ар жағында қазақтың қамын жеу мен халықтық болашағын ойлау бар.

Ақын мысалдарындағы құнарлы мазмұн тек танымдық я көркемдік сипатымен ғана ерекшеленбейді. Адамзат баласы, онда да оның өрелі өкілдері және жалпы қауым тануды

ғана мақсат етумен шектелсе, адамға тән мінез бен қасиет жағынан жетілудің құны қалмас еді. Таным әрекетінің түп мақсаты - білімді-ғылымды, ақылды болудың ар жағындағы адамдық, азаматтық, тұлғалық жағынан қалыптасу мен жетілу. Осы орайда біз мақалада талданған таңдаулы мысалдардың мазмұнындағы тәрбиелік, тағылымдық ойларды баса баяндадық. Ақын көздеген тәрбиелік ойлардың шын сырын, қалтарысты тұстарын танытуға тырыстық.

Қорытынды

Өзін «Сары маса» деп атаған ақын аудармаларында болсын, төл шығармаларында да қазақты кері тартқан, кесір болған кемшіліктер мен мінез міндерін айқындап, оларды аяусыз сынап, әшкерелеумен болады. Ақын көздеген мақсат-мұрат мейлінше ізгі, арманы да асыл, ол – халқын надандық пен қараңғылық, кемшілік атаулыдан арылтып ояту, іргелі елдердің қатарына қосу. Ақын жазған мысалдар өз заманында да, бүгінгі таңда да барша буын өкілдерін түрлі кемшілік, мінді мінез, кеселді қасиеттерден арылтып, күллі қауымды ақылды, арлы, ынсапшыл, еңбекшіл, қайырымды адам болуға үндеген тәрбиелік мәнімен, тағылымдық ойларымен бағалы да құнды.

Жас ұрпаққа білім беру мен ақын жазғандай, жалпы қауымды ағарту, ояту қаншалық маңызды болса, ақын көздеген жолмен жүріп өзгеру, өсу, жетілу соншалық зор талап болмақ. Осы орайда түрлі деңгейдегі оқу-ағарту, тәрбие орындарында А. Байтұрсыновтың тәлім-тәрбиелік ойларын жүйелі түрде насихаттай түскен жөн. Бұлай еткенде біз оның Ұлт Ұстазына айналған асыл болмысын шын мойындап, бағалай түскен боламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы. Кітапта: Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
2. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды. Кітапта: Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
3. Қожакеев Т. Халқымен қайта қауышты қайран ерлер. Кітапта: Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. – 544 б.
4. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. III том. – Астана: Фолиант, 2005. – 652 б.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
6. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
7. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
8. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
9. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.
10. 20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
11. Классикалық зерттеулер. Көп томдық. 7-том. Мұқанұлы Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. – 420 б.

REFERENCES

1. Auezov M. Ahannyn elu jyldyq toiy [Akhan's fiftieth wedding]. Kitapta: Bes arys. – Almaty: Jalyn, 1992. – 544 b. [in Kazakh]
2. Seifullin S. Ahmet Baitursynuly eluge toldy [Ahmet Baitursynov is fifty years old]. Kitapta: Bes arys. – Almaty: Zhalyn, 1992. – 544 b. [in Kazakh]
3. Qojakeev T. Halqymen qaita qauyshty qairan erler [Good fellows reunited with the people]. Kitapta: Bes arys. – Almaty: Zhalyn, 1992. – 544 b. [in Kazakh]

4. Nurgali R. Jeti tomdyq shygarmalar jinagy [Collection of works in seven volumes]. III tom. – Astana: Foliant, 2005. – 652 b. [in Kazakh]
5. Baitursynov A. Shygarmalary: Olender, audarmalar, zertteuler [Works: Poems, translations, research]. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 320 b. [in Kazakh]
6. Qazaq adabietі. Enciklopediialyq anyqtamalyq [Kazakh literature. Encyclopedic reference book]. – Almaty: Aruna, 2005. – 576 b. [in Kazakh]
7. Abdimanuly O. Ahmet Baitursynuly: Zertteu-esse [Ahmet Baitursynuly: Research essay]. – Almaty: Arda, 2007. – 296 b. [in Kazakh]
8. Isimaqova A. Alash adabiettanuy [Alash literary studies]. – Almaty: Mektep, 2009. – 560 b. [in Kazakh]
9. Dulatov M. Shygarmalary: Olender, qara sozder, kosemsoz [Works: poems, words of edification, journalism]. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 384 b. [in Kazakh]
10. 20–30-jyldardagy qazaq adabietі [Kazakh literature of the 20-30s.]. 1-kitap. – Almaty: Gylym, 1997. – 512 b. [in Kazakh]
11. Klassikalyq zertteuler. Kop tomdyq. 7-tom. Muqanuly Sabit. XX gasyrdagy qazaq adabietі [Classical research. Multi-volume. Volume 7. Muqanuly Sabit. Kazakh literature of the twentieth century]. – Almaty: Adabiet alemi, 2012. – 420 b. [in Kazakh]